

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жаңындағы Экономикалық зерттеулер институтының ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 мамыр N 638

"Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жаңынан Экономикалық зерттеулер институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 32 Р960032_ қаулысын іске асыру және ғылыми-экономикалық зерттеулер сапасын арттыру, жалпы әлемдік стандарттарға сәйкес болжамдық-талдау жұмыстарын ұйымдастыру және экономикалық проблемалар бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізу үшін бөлінетін мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жаңындағы Экономикалық зерттеулер институты (бұдан әрі - Экономикалық зерттеулер институты) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік басқару органдарымен, кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, шетелдік және халықаралық ұйымдармен және өкілдіктермен тиісті шарттар (контрактілер) жасау жолымен ғылыми-зерттеулерді, консалтингтік және ғылыми-ақпараттық сипаттағы басқа да қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады деп белгіленсін.

2. Экономикалық зерттеулер институты жүзеге асыратын және республикалық бюджетten қаржыландырылатын ғылыми-экономикалық зерттеулер мен болжамдық-талдау жұмыстарының басты тапсырыс берушісі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі болып белгіленсін.

1996 жылдың сәуір айынан бастап 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға арналған қаражаттар шенберінде аталған жұмыстарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі арқылы Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жаңындағы бұрынғы Экономика және нарықтық қатаинастарын ғылыми-зерттеу институтының қарыздарының құрылымдарын осы қарыздарды өтеудің тәртібі мен мерзімдерін айқындау мақсатында оларды қайта құрылымдауды жүзеге асыруды ескере отырып қарастырын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК